


Қозғалтқыш және ширатқыш ойындары.

Мақсаты: Қозғалтқыш және ширатқыш ойындар арқылы бастауыш сынып оқушыларының денелерін шынықтыру және салауатты өмір салтына тәрбиелеу.

Ұстанымымыз:

**“ДЕНІ САУДЫҢ-
ЖАНЫ САУ”**



Н. Ә. Назарбаев

«Біз жаңа ғасырда тұрмысымызға, санамызға, қоғамға, жалпы әрбір отбасына табанды түрде салауатты өмір салтын ендіруіміз қажет. Ол басымдық елдің, ұлттың болашағы үшін басқа басымдықтардан да маңызды болуы мүмкін»


Н. Ә. Назарбаев

Қозғалтқыш -ширатқыш ойындарының топтары



Ұлттық
ойындар

Қозғалыс
ойындары








Спорттық
ойындар

Қимыл –
ширатқыш
ойындарының
өткізу
мерзімі



Сабақ барысында әр пәндер де
ұйымдастырылады.



A blue pencil with gold rings and a spiral notebook are positioned diagonally across a red background. The pencil is sharp and has a blue eraser. The notebook is white with a silver spiral binding. The text is overlaid on the notebook and pencil.

**Баланы дені сау
тулға ретінде
тәрбиелеу үшін 4
қағида:**


- **Күн тәртібін сақтау**
- **Денені шынықтыру**
 - **Дұрыс тамақтану**
 - **Тазалықты сақтау**



Сабақтан тыс



уақытта



ойнالاتын

көңілді



ойындар тобы

Ойнаушылар дөңгелектеніп түрегеліп тұрады. Бірлі

ойын басқарушысы болды. Ойын түрі: ойын басқарушы

ортаға шығып, ойын әдісін былай деп түсіндіреді:

Мұғалім «ОТ» дегенде оқушылар 2 қолдарыңмен

сандарыңды шапалақтапаша лапылдайды, «СУ»

дегенде 2 қолды 2 жанға жайып, айнала тұрып,

қолдарыңнан ұшын қанатша қағып тұрасыңдар, «АУА»

дегенде 2 қолды жоғары көтеріп, буының былқылдап,

түтінше шалықтатасыңдар», - дейді. «ОТ, СУ, АУА»...

ойын басқарушы балаларды жаңылдыру үшін «от» деп

тұрып өзі судың не ауаның қозғалысын істейді. Ойын

басқарушының айтқанын аңғармай анық істеп

тұрғанын еліктеп шатасқандарды есепке алып тұрады.

Жаңылысқандар саны – 5 – 6 болғанда орта шығар

Бірлі ойын басқарушысы болды. Ойын түрі: ойын басқарушы

«Джунгли» ойыны.



Шарты: оқушыларға, яғни төрт ұл балаға қоянның, маймылдың, арыстанның, пілдің аттары жазылған қағаз таратылады. 4 ұл өзіне түскен аңның кейпін мимикамен, даусын шығармай, басқаларға жеткізу керек. Оның қай аңды салғанын оқушылар таппаса, ойынға шыққан бала өз өнерін көрсетеді.

Мақсаты: балаларды табиғат аңдарымен таныстыру, табиғатты аялауға және мүмкіндік туғызу, баланың бойындағы актерлік қабілетін жетілдіру.



«Кім жылдам» ойыны

Құрамы: 3 ұл, 3 қыз.

Шарты: бір ұл бір қыздың пар-пар болып тұрады. Ұл баланың қолын байлаймыз, қыз баланың көзін байлаймыз. Содан қыз қолына тарелкаға салынған тортты ұлға жегізуі керек. Егер кім бірінші жегізіп бітірсе, сол команда жеңімпаз.


Мақсаты: балаларды жылдамдыққа, сөзімдікке, тез шешім қабылдауға үйрету.



«Танысу» ойыны

Шарты: оқушылар өз аттарын тізбектеп айтып шығу. Тек өзінің ғана атын айтпай, қатар бойынша оқушылардың атын шатаспай айтып шығу.

Мақсаты: баланың есте сақтау қабілетін арттыру болып табылады.



«КІМ СЕЗГІШ» ОЙЫНЫ



Шарты: қатар тұрған балалардың қолын қолтықтастырып ұстатамыз. Сосын барлығының көзін жұмғызып, кез келгенінің басына түртеміз. «отыр» деген хабар бергенде түрткен адам отырып қалуы керек. Ал қалғандары оны отырғызбай ұстап қалулары керек.

Мақсаты: балалардың сезу қабілетімен қоса тез ойлануға мүмкіндік береді.



«КІМ ТАПҚЫР» ОЙЫНЫ

Шарты: балаларды қатарынан отырғызамыз. Әр балаға дене мүшелерінің біреуінің бастапқы, соңғы әріптерін айтып 10-ға дейін санаймыз. Сол арада оны табуы керек. Егер таба алмаса аяқ киімін алып қоямыз. Аяқ киімдері таусылған соң, бір баланы теріс қаратып отырғызып кез келген аяқ киімді ұстап тұрып «не әстесін» деп сұраймыз. Аяқ киім иесі оның айтқан тапсырмасын орындап, аяқ киімін алады.

Мақсаты: балалардың тапқырлығын арттыру, актерлік қабілетін дамыту.






«Алма жеу» ойыны.

Шарты: ұл балалардың қолын байлаймыз. Алманы жіпке байлап ұстап тұрамыз. Балалар алманы тез жеп қою керек. тКім бірінші бітірсе, сол жеңімпаз.

Мақсаты: балаларды ұялшақтықтан арылту, жылдамдыққа баулу.



«Тәтті кәмпит» ойыны



Шарты: ағашқа байланған кәмпиттерді қолдары байлаулы ұл балалар кәмпиттің қағазын ашып жеу керек.

Мақсаты: балалардың биікке ұмтылу қабілетін арттыру.



«Көңілді» ойыны

Шарты: ортаға бір оқушыны шығарамыз. Бірінші адам шапалақ ұрғанды жымыып күлу керек, екінші адам шапалақ ұрғанда айқайлап күлу керек. Егер сыннан өте алмаса өз өнерін көрсетеді.

Мақсаты: балаларды көңілді жүруге үйрету, ойын-сауыққа үйрету.



«Қоян, қасқыр» ойыны.

Шарты: «Қоян» деген хабар

бергенде тұру керек, «қасқыр»

деген хабар бергенде отыру

керек.


Мақсаты: жылдамдық, шатаспау


қабілеттерін арттыру.



**Міне, осы ойындар
Дың көпшілігін
сабағымызға
арқау ете білсек,
балаларымыз әрі
білімді,
әрі көңілді бала**








***Бұл сендерге
арналған***

***Көз қарашығын
сақтаңдар!***



***Деніміз сау болсын!
Барлығымыз бірге
билейік!***

